

## Павлодар және Шымкент мұнай өндіреу заводтарын шикізатпен тұрақты қамтамасыз ету туралы

Казақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 29 сәуір N 118-ө

Павлодар және Шымкент мұнай өндіреу заводтарын батыс сібір мұнайымен қазақстандық ресурстардың орнын басу жолымен шикізатпен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Павлодар және Шымкент мұнай өндіреу заводтарына батыс сібір мұнайымен орнын басу жолымен Қазақстанның батыс аймақтарынан мұнай жеткізуді қамтамасыз етсін.

2. Көрсетілген заводтарға ынтымақтастық және отын-энергетика кешендерін дамыту туралы Россия Федерациясы мен Қазақстан Республикасы Үкіметтерінің арасындағы 1993 жылғы 25 желтоқсандағы Келісімге сәйкес белгіленген көлемдердегі орнын басу бойынша жеткізілетін мұнай қазақстандық ресурс болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығының 68-бабының 5-тармағының мұнайдың орнын басатын көлемдері бойынша қосылған құнға салықты есепке алу бөлігінде қолданылу тәртібі туралы тиісті түсініктеме берсін.

Премьер-Министр